

«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені

**2021-2022 Оқу жылына арналған  
«Балауса» ортаңғы тобының  
жылдық есебі**

Тәрбиеші: Көшерхан.М.Б  
Назарбаева.Ж.Ә

Түркістан 2020-2021жж

## ***«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені***

2021-2022 Жаңа оқу жылының басында «Балауса» ортанғы тобына 25 бала қабылданды.

Олардың ішінде 14 ұл бала, 11 қыз бала қабылданды.

Оқу жылының басынан топты Назарбаева Жазира Әлібекқызы қабылдап алды.

**Тәрбиеші: Назарбаева Ж**

**Еңбек өтілі: 3 жыл**

**Білімі: Жоғары білімді**

Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баулудың міндеті- сәби шақтан бастап еңбекке қажеттілікті алғышарттарды қалыптастыру. Бұл міндеттер отбасындағы еңбек тәрбиесін жақсартудан бастау алып, ондағы ата-аналардың педогогикалық білімдерін жетілдіруде ең ұйытқы болатыны – балабақша. Бұл тұста ата-аналарға баланы еңбекке баулу бойынша бағыт беріп, ынтымақтастықта әрекет ету тәрбиешілердің үлесіне тиіп отыр. Бала тәрбиесінің алтын бесігі- отбасы. Бұл шағын әлеуметтік тап – бала үшін өмір мектебі.

Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2021-2022 оқу жылы үлгілік типтік бағдарламасы бойынша « Байтерек» ересек тобы күн тәртібіне сәйкес жылдық жоспары бойынша оқу қызметі жүргізілуде.

«Денсаулық», « Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»

Білім беру салаларына ұйымдастырылған оқу қызметтерін әдістемелік нұсқау хаттағы өтпелі тақырыптар бойынша перспективтік жоспар құрылып оқу қызметі жүргізілуде. Баланың бойына білім берудің негізгі мақсаты өсіп келе жатқан ұрпақтың болашаққа дайындау болып табылады.

Қыркүйек айында

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

(Бұйрығымен бекітілген ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.)

2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (1- Қосымша Қазақстан Республикасы Үкіметінің жылғы "13" мамыр 2016 жылғы № 292 . Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23 тамыз 2012 жылғы № 1080)

3. Бекіту туралы Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" білім беру объектілеріне ( бабы 6- тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-18 қыркүйек 2009 жылы "халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі")

4. Бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігінің 20 желтоқсан 2012 жылғы № 557 "үлгілік оқу жоспарларын бекіту Туралы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту"Қазақстан Республикасы танысып шықтым.

Қазақстан Республикасы «Білім» туралы Заңының 51бабының 5- тармағында «Мұғалім өзінің педагогикалық шеберлігін , парасаттылығын , шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті,»- делінген.

ҚР Білім заңымен танысу. Саяси сауаттылықты көтеру

( Білім күніне орай)

### **Балалармен өткізілген іс- шаралар**

Балабақша оқу тәрбиелеу жұмысы жоспар бойынша жүргізілді.

3-қыркүйек «1-Қыркүйек Білім күні» атты тақырыптық танымдық іс -шаралар мерекелік концерт өткізілді.



Қараша айының 8-ші жұлдызы күні «Алтын күз» атты ертеңгілік өткізілді. Балалар ертеңгілікке сай киінген. Ертеңгілікке күз ханшайымы қонаққа келді. Балалар күз мезгілі туралы тақпақтар айтты. Балалар би билеп, ән айтты. Жақсы деп бағалады.

Күздің көркем көріністе «Алтын күз берекесі» тақырыбында ертеңгілік «Алтын күз» тақырыбында ашық оқу қызметін рi» атты эстетикалық талғамға сай сурет көрмесін ұйымдастыру.

«Алтын күз, ханшайыммы!» атты бау - бақшадағы жеміс-жидектерден көрме ұйымдастыру.(Табиғи материалдармен жекелеме мүсін жұмыс)

«Мәңгілік ел» патриоттық тәрбие бойынша жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілуде. 2021-2022 оқу жылының мақсаты мен міндеттеріне сүйене отырып жоспарлар құрылды. І-жарты жылдық міндет бойынша «Мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ұлттық-рухани тәрбие арқылы жеке тұлғаның төл мәдениетін қалыптастырылуда.

І – ші топтық ата- аналар жиналысы өткізілді. «Мемлекеттік тіл, менің ана-тілім-ардағым» тақырыбында баяндама оқылып ата-аналар арасында пікір алмасты . Ата-аналар комитеті сайланды

2021–2022 оқу жылына балалардың негізгі құзретіліктерінің қалыптасуындағы жетістіктерін бағалау индикаторының бастапқы кезеңі көрсеткіші толтырылып, өз жас ерекшеліктері бойынша бастапқы бақылау өз деңгейінде болды, және әр балаға жеке даму картасы жүргізілуде. Қыркүйек айында қала күні болды, онда «Күздің түрлі -түстері» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

ік өткізілді онда балалар өздерінің әндерін, өлең жолдарын, билерін, көріністерін көрсетіп өнерлерімен бөлісті. Қазан айында *«Қош келдің, Алтын күз берекесі»* атты мерекелік ертеңгілік өтті.



Қараша айында жоспар бойынша барлық тәрбиешілерде ашық ҰОҚ өткізілді. Қарашаның 28 күні *«Апорт алма»* тақырырыбында балалармен Жеміс бағына саяхат жасау бойынша өтті.

Балаларға тақпақты асықпай, асықпай сөздердің жалғауларын анық, жатқа айтуға үйрету. Үлгіге сүйене отырып сұрақтарға жауап беруге тәрбиелеу.



Желтоқсан айында «Тәуелсіздік-ел тірегі» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Бұл тәрбие сағатында балаларға тәрбиеші Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі, алғашқы президенті Н.Ә. Назарбаев туралы айтты. Жақсы деп бағалады Балалардың Отаны, Рәміздері, Елбасы, желтоқсан оқиғасы. Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп тапқак айтуға, сахналық көріністерді көрсетулер арқылы еліне, отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.



Желтоқсан айының 24-ші жұлдызы күні «Төрле-төрле Жаңа жыл» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өтті.

Ата – аналардың көмегімен топта, Жаңа жыл ойыншықтары мен безендіру жұмыстары жүргізілді.

Тобымызда ата-аналармен бірлесіп Аяз ата шеберханасы тақырыбында көрме ұйымдастырылып тобымызды безендірдік. «Төрле-төрле Жаңа жыл» атты ертеңгілігін екі тәрбиеші өткізді. Балалар ертеңгілікте мерекелік көңіл күйде болып билерін биледі.

“Төрле-төрле Жаңа жыл” тақырыбында ертеңгілік өткізілді. Онда балаларымыз өлең, тақпақ, билерімен өз өнерлерін ортаға салып ата-аналарын қуантты.

Мақсаты: Мерекелік көңіл-күйін құру; -ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру; -балалардың назарын жалпы әрекетте қатысу тілегін қалыптастыруға эмоциялық қабылдауын ынталандыру; -өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Оқу қызметтерінде түрлі дидактикалық, қимылды ойын, үлестірмелі материалдар, үстел үсті ойындар, мозайка, пазлдар, санамақтар түрлері жаңаша түрлендіріліп өткізілуде.



Наурыз 8 күні Аналар мерекесіне орай «Аяулы анашым» атты мерекелік ертеңгілік өтті.

Балалар аналарына арнап, ән шырқап, би биледі көпшіліктің көңілінен шықты.

Жарқын жүзді жан анам.

Сендей болсын бар адам

Сендей болса бар адам.

Шаттық кетпес баладан,

Көктем келеді.

Көктем; Сәлеметсіңдерме балалар,аналар ,әжелер,қыздар.

Мен көгілдір көктемін былтыр келіп кеткенмін.Орманда бұл-бұл сайраған көптен күткен көктеммін.Әлемдегі ең әдемі аналарды құттықтауға келдім.Сіздерге зор денсаулық пен ашық аспан тілеймін.



Наурыздың 22-күні наурыз мерекесіне орай «**Армысың өз-Наурыз**» атты мерекелік тәрбие сағатты өтті. Іс шара барысында балалар ән шырқап, тақпақ айтты, көрініс қойылды.

Мақсаты; Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінің ерекшеліктеріне таныстыру, Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.

Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту мерекелік көңіл-күй қалыптастыру.

Өртүрлі ұлттық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту.

Туған елге деген сүйіспеншілікпен бірге салт –дәстүрді құрметтеуге ,үлкендерді және бірін-бір сыйлатуға тәрбиелеу.

Береке мен бірліктің жалғауы.

Жеті түрлі қасиетті дәмменен

Байтақ елдің бір толады астауы.

Наурыз келіп , көктем сазы білінер

Ойнап –күлген жас балалар жүгірер.

Ашық ұйымдастырылған оқу- қызметтінің тақырыбы: «Ғажайып пішіндер»

Балаларға геометриялық пішіндерді олардың түстері туралы түсінік

беру. Санамақтар айтқызу арқылы сан туралы ұғымдарын қалыптастыру. Сандарды

тура және кері санауды үйрету. Балаларға геометриялық пішіндер, дөңгелек және

сопақша пішіндердің айырмашылығын түсіндіру. Дидактикалық ойындар арқылы

логикалық ойлау қабілетін дамыту. Сипап сезу мен көру арқылы пішіндерді өз

бетінше ажырата білуге үйрету. Санамақтар айтқызу арқылы сан туралы ұғымдарын қалыптастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту.



Балабақша ұжымы мен ата аналардың ұйымдастыруымен наурыз көже істеліп, қазақтың ұлттық тағамдарымен ақ дастырхан жайылды. Екінші ашық ҰОҚ сәуір айының 20 күні «Үй жануарлары төрт түлік» тақырыбында ауылға саяқат жасау бойынша өтті.

Мақсатты; Балаларға үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасы маңызы, туралы түсінік беру. Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратуға, айтқандай зейін қойып тыңдауға үйрету. Үй жануарларына байланысты тақпақтар мен мақал

мәтел айтқызу.



Мамыр айының 4 жұлдызы күні. «Тәуелсіздік тірегім» атты тотардың қатысуымен ертеңгілік өткізілді.

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз.

Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана еліміздің әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қоса алдық. 30 жылдың ішінде тәуелсіз қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз.

Армандарды жақындадатып тым алыс

Біздің жаққа жеткен екен жыл ағыс

Егемендік-ел бақыты ертеңі

О. халайық! Құтты болсын қуаныш.

Азат елім жан-жүректі ұғысқан

Ата-бабам аңсап өткен бақытым

Айналайын, Қазақстан – Гүлстан!

Желтоқсан-заман толғағы байтақ даланың

Шарпыған сәті үміт пен күдік наланың

Желтоқсан – Қайрат, Ләззат, Сәбира Құрбаны болған жаланың.



Бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша бес саланы қоса алғанда. Балалардың үлгерімі 100%, оқу сапасы 64% құрады.

Бастапқы деңгей

Білім беру саласы	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Орта ұпайы	Білім сапасы
Денсаулық	9бала	13бала	3бала	3%	64%
Таным	10бала	13бала	2бала	3%	60%
Қатынас	10бала	12бала	3бала	3%	60%
Шығармашылық	9бала	12бала	4бала	3%	64%
Әлеумет	9бала	12бала	3бала	3%	60%

Аралық мониторинг нәтижелері бойынша бес саланы қоса алғанда. Балалардың үлгерімі 100%, оқу сапасы 68% құрады.

Аралық деңгей

Білім беру саласы	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Орта ұпайы	Білім сапасы
Денсаулық	8бала	13бала	4бала	3%	68%
Таным	11бала	10бала	4бала	3%	56%
Қатынас	10бала	13бала	5бала	3%	60%
Шығармашылық	7бала	12бала	6бала	4%	72%
Әлеумет	9бала	13бала	3бала	3%	64%

Қорытынды мониторинг нәтижелері бойынша бес саланы қоса алғанда.  
Балалардың үлгерімі 100% оқу

Қортынды деңгей

Білім беру саласы	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Орта ұпайы	Білім сапасы
Денсаулық	2бала	14бала	9бала	5%	92%
Таным	7бала	13бала	5бала	4%	72%
Қатынас	2бала	16бала	7бала	5%	92%
Шығармашылық	3бала	13бала	9бала	4%	88%
Әлеумет	4бала	15бала	6бала	4%	84%